

Акватория	Орташа тереңдік, м	Ені, км
Арафурск теңізі	90	1200
Банда теңізі	55	100
Баренцев теңізі	200	1200
Беринг теңізі	90	800
Бофорт теңізі	200	100
Байя-Бланка түбегі	90	400
Гудзон түбегі	10	1000
Сары теңіз	90	1200
Калифорния теңізі	10	10
Маракайбо көлі	25	100
Мексика түбегі	70	250
Солтүстік теңіз	200	500
Сібір шельфі	55	650
Солтүстік Каспий	3	300

Кең таралған шельф шекарасы – 200 м. Жалпы әлем мұхитының тақта алаңы – 26,6 млн. км² - қа тең деп алынады.

Жоғарыда айтылғандай, әлем мұхитының жалпы көлемі 360 млн км². Алайда ол бірқалыпты болмайды мұхиттар мен теңіздердегі су деңгейі жиі тектоникалық қозғалыстарды иеленуде үзіліссіз өзгереді. Осылай Каспий деңгейі соңғы жылдары 2 м-ге көтеріліп, көлемі ұлғайды.

Мұхиттың түбінде үнемі тұнбалар жиналады олар өзендердің ағындарымен келеді, онда планктон организмдері қалдықтары болады, бұл қалдықтар құрлықтағы желдермен және теңіздегі ағымдарымен келеді.

Әлемдік мұхиттың әр түрлі бөліктеріндегі тұнба жиналуының жылдамдығы көп факторларға байланысты, олар айтарлықтай ерекшеленеді: температура, өзеннің жақындығы, су асты жанар тау қызметі, жел тармағы, су астындағы ағындар және тағы басқалар.

Теңіз табаны тұнбаларын зерттеу мұнай-газ өндірісі гидротехникалық құрылғыларын, сонымен қатар су асты құбыржелілерін төсеу жұмыстарына өте қажет. Сонымен бірге теңіздегі кен орындарын игеруде ұзақ мерзімге арналған мәліметтерді талдау негізінде гидрометеорологиялық режим тәртібі зерттеледі. Бұл мәліметтерге: теңіз бетіндегі жел, судың толқуы, су деңгейінің тербелістері, теңіз суы және ауаның сейсмикалық белсенділігі, температурасы, судың химиялық құрамы және мөлдірлігі, мұзды тәртібі, сонымен бірге тұрақты теңіздегі ағымдарының қарқыны. Соңғысы жердің айналу ауытқыу күші және орталықтан тепкіш күштер өзара әрекеттесудің нәтижелері. Өртүрлі аймақ бөліктеріндегі бұл айналма тұйықталған ағымдарының жылдамдығы әр түрлі (м/с): Каспий – 0,37-0,45; Куро-Сиво – 0, 77; Флорида –3,1, Баренц теңізіндегі оңтүстік ағыс жылдамдығы – 0,11.